

**Маңғыстау облысындағы субсидиялауға жататын 2015 жылға арналған әлеуметтік мәні бар облысшілік залалды маршруттар тізбесін бекіту туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 21/312 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда № 2589 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 5 қыркүйектегі № 1014 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Маңғыстау облысындағы субсидиялауға жататын 2015 жылға арналған әлеуметтік мәні бар облысшілік залалды маршруттар тізбесі бекітілсін .

2. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д.Сейбағытов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Сессия төрағасы*  
*мәслихат хатшысы*

*Б. Сарман*  
*О б л ы с т ы қ*  
*Б. Жүсіпов*

**« К Е Л І С І Л Д І »**  
«Маңғыстау облысының жолаушылар  
көлігі және автомобиль жолдары басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Ө . С . Б и с а қ а е в

Маңғыстау облыстық мәслихатының  
2014 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 21/312 шешіміне қосымша

**Маңғыстау облысындағы субсидиялауға жататын 2015 жылға арналған  
элеуметтік мәні бар облысшілік залалды маршруттар тізбесі**

Ескерту. 4 - тармақпен толықтырылды- Маңғыстау облыстық мәслихатының  
27.02.2015 № 22/395(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі)қаулысымен.

1. «Ақтау – Форт-Шевченко – Ақтау» маршруты
2. «Ақтау – Құрық – Ақтау» маршруты
3. «Ақтау – Жетібай – Ақтау» маршруты
4. «Ақтау – Қызылтөбе – Батыр – Ақтау» маршруты